

ӘОЖ 070

Т.Ж. Машарипова

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

E-mail: tamara_masharipova@mail.ru

Публицистика және әдебиет

Мақалада әдебиет пен публицистикаға салыстырмалы талдау беріледі. Әдебиет пен публицистиканың объектісін, сонымен бірге шығармашылық қызметінің әдістерін зерттеу негізінде әдебиет пен публицистиканың аудиторияға әсері, бірінші және екінші тараудың өзіне тән өзгешеліктері ашып көрсетіледі. Егер әдебиеттің басты мақсаты жазушының рухани дүниесінің байлығы нәтижесінде тұрмысты көркем-эстетикалық жақтан суреттеу болса, публицистика үшін белгілі бір қоғамдық мәселелердің демонстрациясы және оларды шешу үшін аудиторияны жедел іске кірісуге үндейтіндігі жан-жақты дәлелденеді.

Түйін сөздер: қоғам, аудитория, суреттеу, актуальды, типик, жеке, методтар, жанрлар, әдіс, тіл.

T. J. Masharipova

Reading and literature

The article provides a comparative analysis of literature and journalism. Based on the study of the object and the subject, as well as methods of creative activity, showing the radio of literature and journalism, the audience, disclosed the specific of the first and second areas. Proven that if the main purpose of literature is the artistic and aesthetic representation of reality and spiritual world writers, for journalism is a demon.

Key words: society, audience, reflection, actuality, typical, individual, methods, genres, stile, language.

Т.Ж.Машарипова

Публицистика и литература

В статье проведен сопоставительный анализ литературы и публицистики. На основе изучения объекта и предмета, а также методов творческой деятельности, показа отношения литературы и публицистики к аудитории, раскрыты специфические особенности первой и второй сфер. Доказано, что если главной целью литературы является художественно-эстетическое отображение действительности и духовного мира писателя, то для публицистики это демонстрация конкретных общественных проблем и непосредственный призыв к действию.

Ключевые слова: общество, аудитория, отражение, актуальность, типическое, индивидуальное, методы, жанры, стиль, язык.

Публицистика және әдебиеттің өзара байланыстылығы ежелден белгілі. Олардың бір-біріне әсері туралы көп жылдардан бері пікірлер тынбай айтылып жатыр. Бұл тартыстар, атап айтқанда, жадидтер дәуірінде де (XX ғасырдың басынан бастап) жалғасты.

XX ғасырдың екінші жартысында да бұл мәселенің түрлі көріністері бойынша М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетінен Е.П. Прохоров, В.Д. Пельт, В.В. Учёнова,

В.М. Горохов, М.С.Черепанов, Петербургтен Е.И. Журбина, Львовтан В.И. Здорова, Екатеринбургтан В. Шандра, Ташкенттен О. Тоғаев, Р. Мухамадиев, Ф. Муминов, Ю. Хамдамов, Нөкістен Қ. Жәрімбетов, Қ. Оразымбетов, Самарқандтан М. Хусаиновтар бір қатар кітап және мақалалар жариялады. Бұл еңбектерде публицистика түсінігіне, оның теориясы және практикасына кейбір анықтамалар берілген болатын.

Сонымен бірге біз жоғарыда тілге алған ғалымдар публицистика мен әдебиеттің өзара

қатынастарына жетерлік дәрежеде салыстырмалы анализ бере алды деп айта алмаймыз. Бұл мақала осы олқылықты толтыруға арналған.

Коммуникация, әдебиет, журналистика, публицистика.

Мақаланың тақырыбын толық түсініп алу үшін кейбір терминдерге түсінік беру керек. Бұлардың ішінде ең көп мағыналы түсінік – коммуникация.

Коммуникация – бұл жалпы түрдегі байланыс, ол жанды және жансыз дүниеде де әрекет етеді.

Аспан денелерінің магнит ауданы жәрдемінде бір-біріне тартылысуы және бір-бірінен қашуы немесе күн нұрлары және теректің жапырақтары арасындағы байланыстар – бұл жансыз дүниедегі коммуникация. Балықтар, құстар және жануарлар әртүрлі дауыстар жәрдемінде өзара қатынас жасауы және сол жолмен бір-біріне мәліметтер жеткізуі де коммуникация.

Адамдар сөз немесе ым мен бір-біріне түрлі сигналдар жіберуі де – коммуникация. Коммуникацияның түрлері және көріністері туралы көп нәрсе жазуға болады, бірақ келтірілген үш мысалдың өзі мақала тақырыбын ашып беру үшін жеткілікті деп ойлаймыз. Қосымша түрде тақырыбымыз айналасында коммуникация санасыз, қалаусыз сана және саналы түрде жүзеге асырылуы мүмкіндігін түсініп алу зиян етпейді.

«Әдебиет – көркем өнердің бір түрі, сөз өнері. Әдебиет – жазба түрде жаратылған және әлеуметтік маңызға ие болған адам ақылының жемістері. Әдебиеттің техникалық, ғылыми, публицистик, эпистоляр, мәліметтеме және басқа да формаларын ажыратып қарайды. Қарапайым және қатаң мәнінде әдебиет деп көркем жазба шығармаларға айтылады» [Қозыбаев С.К. және басқалар. Журналистика Қазақстана. Энциклопедия. – Алматы: Экономика, 2006]. Әдебиеттің элементтері және оның ежелгі көріністері саналы адам пайда болғанынан бастап бар. Ұзақ мың жылдықтар аяғында әдебиет ауызша және пиктограмма (шартты суреттер) формаларында амалға асырылды, жазу ойлап табылғаннан кейін әдебиеттің жазба түрлері пайда болды. Осы күнге дейін сақталып келген алғашқы ұлы шығарма бес мың жыл бұрын ежелгі Шығыста жаратылған «Гильгамеш туралы эпос» болып саналады. Бұдан соң қорытынды шығару мүмкін,

әдебиет адамзат тарихында адамдар ойлап тапқан бірінші шығармалардан есептеледі.

Бүгінгі күні әдебиет ірі шығармалар үлгісіне, жалпы айтқанда, үлкен тұрмыс қажеттілігіне айналады. Заманалық әдебиет әр қандай идея, процесс, тұлға немесе оқиғаны көрсете алады. Бұл үшін әдебиеттің арнаулы түрлері бар.

Әдебиет түсінігін профессор Қ. Жәрімбетов төмендегіше дәріптейді:

«Көркем әдебиетті, көбінесе қысқа қылып, әдебиет деп те атаймыз. Көркем әдебиет – жазба түрдегі көркем сөз өнері. Сыртқы дүниені, қоғамдық тұрмысты, інсанның рухани көшірмелерін образдар арқылы танудың бір түрі. Ақиқатында да, көркем әдебиет сөз өнері болып есептеледі, жазушы-ақындар көркем сөздің құдіретімен сурет салады, тек қана сурет салып қоймастан, оған түрлі эстетикалық сезімдерді дарытып жан береді, адам характерін, оның ішкі жан дүниесін ашып береді. Әдебиет те қоғамдық сананың бір түрі есептеледі. Ол табиғатты, тұрмысты білуге ұмтылады һәм олар жөнінде дұрыс түсініктерді көркем образдармен береді. Сондықтан да көркем әдебиеттің әлеуметтік, тұрмыстық маңызы күшті, ол адамды рухани тәрбиелеу қызметін де орындайды» [2, 9-10].

«Журналистика» сөзі бірнеше мағынаға ие. Біріншіден, бұл – әлеуметтік маңызға ие болған информацияны жинау, қайта өңдеу және жариялаудың шығармашылық, қоғамдық-саяси қызмет түрі. Екінші мағынасы – хабар құралдары үшін оператив хабарлар – жазушы адамдар кәсібі (редактор хабаршы, жауапты хаткер, шолушы, авторлар және т.б.). Баспасөз, радио, теледидар және интернет үшін дайындалған репортаж, интервью, шолу және басқа жанрларда жазылған шығармалар үшінші мәнін білдіреді. Төртінші мәні болса ақпарат хабар құралдары жиындысы. Журналистиканың бесінші және ең маңызды мәні – ол қоғамның ерекше әлеуметтік институты деп қаралады. Осы формада оның қалған төрт мәні бірігеді (3, 4, 5). (Қараңыз: Муминов Ф.А. Журналистика и жтимаий институт ретінде. Ташкент, Университет, 1998).

Публицистика. Публицистиканың не екендігі туралы да көп тартыстар болған. Бұл пікірлерді төрт топқа біріктіруге болады.

Біріншіден, әдеби сыншылардың пікірінше, бұл **әдебиеттің бір бағыты**. Екіншіден, журналистика саласындағы мамандардың түсінігінше,

бұл журналистиканың бір көрінісі, олар, тіпті, көркем-публицистикалық жанрлар тобын ажыратып, оған сурет және очерк, фельетон және портрет, сықақ мысал және эпиграммаларды кіргізеді. Үшіншіден, бұл екі топардан өзін хабарсыз көрсетпекші болған ғалымдар публицистиканы **шығармашылықтың** ерекше **арнайы түрі** деп айтады [4]. Төртінші көзқарастың жоқтаушылары публицистиканы белгілі бір стильде орындалған және белгілі бір стильде жазылған және өзінің өзгешеліктеріне ие **мәтіндер** (тексттер) деп есептейді. Бұл мәселеде біз төртінші топар мамандарына қосыламыз.

Әдебиет және публицистикада ғылыми-шығармашылықағымдары адамзат тұрмысы және ақылы көркем әдебиеттің түрлі көріністерінде өз бейнесін табады. Бұл бағдарлар классикалық және классикалық емес деп аталған екі ірі топарға біріккен.

Классик мектептер, ағымдарға классицизм (Франция, XVII ғасыр), сентиментализм (Ұлы Британия, XVIII ғасыр), романтизм (Батыс Еуропа, XIX ғасырдың басталуы: Новалис, Байрон, Шелли), критикалық реализмдер (Еуропа, XIX ғасыр: Бальзак, Флобер, Диккенс, Гоголь) кіреді. Бұл ағымдар ежелден белгілі болып келген және әдебиеттану мен публицистика саласындағы мамандарға белгілі болғаны себепті біз оларға тоқталмаймыз.

Постклассик (неоклассик) бағдарларға назар аударайық. Бұларға модернизм, сюрреализм, постмодернизм тағы басқалар кіреді. Модернизм XIX ғасыр ақыры және XX ғасырдың басында көркем өнер және әсіресе көркем әдебиетте өз көрінісін тапты. Оның негізін салушылары және белгілі өкілдері ретінде Т. Элиот, Ж. Жойс, Г. Стайн, В. Вульф, т.б. айту мүмкін. Модернизм барлықты және әдебиетті бұрынғы қалпынша бағалауды кескін бекерлейді және жаңа бейнелеу құралдарын іздеуге және пікірлеуге шақырады. Сюрреалистер абсолют реалдықты көзде тұтуды және оған мамандықта жетіспекші болған авторлар болып табылады. Бұл ағым бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар арасында дамыды. Сюрреализмге ақын А. Бретон негіз салды.

Постмодернизм сондай күрделі және көп қырлы бағдар, оған тек бір жазушыны негіз салушы ретінде атап көрсете алмаймыз. Алғаш рет терминді Р. Ранвиц «Еуропа көркем өнерінің кризисі» (1917) деп аталған кітабында келтірді. Оның бұл терминді 1934 жылы XX ғасырда

20-жылдарының басында шығармашылықпен шұғылданған және алғашқы әдеби дәстүрлерді кескін бекерлеуші ақындар шығармашылығын бағалау үшін қолданған. Соңынан бұл түсінікті тарихшы А.Тойнби, философ Ж. Лиотар тағы басқалар біршама байытты.

Әдебиет тарихында дүниеге келген шығармашылықтар тек жоғарыда біз тілге алғандардан тұрмаса да, мақаламыз үшін жоғарыдағы ағымдарды көрсеткеніміздің өзі жеткілікті. Өйткені біздің міндетіміз – әдебиет пен публицистиканы салыстырып, олардың жалпы өзгешеліктері және айырмашылығын анықтап алу. Бағдарлардан көрініп тұрғанындай, публицистика олардан біршама алыста. Публицистикалық шығармалар классицизм, сентиментализм, романтизм немесе критикалық реализм әдістерінде жазылуы мүмкін, әрине, бірақ бұл әдістердің өзі, әдеби шығармалардағы сияқты, публицистикалық шығармаларда үстемдік ете алмайды. Және үстемдік етуі мүмкін емес. Себебі публицистік шығармалар жазудың мақсаты, міндеттері және әдістері басқаша.

Модернизм, сюрреализм және постмодернизм сияқты пікірлеу және жазу түрлері публицистикаға классикалық бағдарлардан да алыстау. Себебі бұл ағымдардың өкілдері сондай басқаша түсінеді және бейнелейді, не ары, не бері емес. Мұндай, тіпті, бүгінгі күндегі публицистикадан да кескін айырмашылық қылады. Қайталауға тура келеді, заманағой публицистиканың объекті мен предметі, мақсаты, міндеттері мен әдістері әдебиеттегі жаңа классикалық бағдарлардың объекті мен предметі және әдістерінен біршама алыс. Себебі публицистиканың қоғамдық бағдарламасы басқаша. Публицистиканың мақсаты – қоғамдық пікір ояту, оны публицистикалық шығармадағы идея айналасында біріктіру, публицистің идеясы айналасында қоғамдық пікірлерді жинау, аудиторияны белгілі бір міндеттерді орындауға шақыру және дайындау. Егер біз жоғарыдағы келтірілген көркем әдебиеттің түрлі дәуірдегі ағымдары мен шығармаларын публицистика мен публицистикалық шығармалармен салыстырсақ, әдебиет пен публицистика өзара тарихи, классификациялық және теориялық жақтан қалай ажыралатыны анық көзге тасталады.

Әдебиет пен публицистикада ұлттық дәстүрлер

Кейінгі маңызды мәселе – көркем әдебиет пен

публицистиканың дәстүрлерге болған қарым-қатынастарын анықтап алу. Жоғарыда келтірілген пікірлерімізден көрініп тұрғанындай, дәстүрлерді бекерлеу әдебиеттің түпкі негізінен жаңалану жолындағы дамуының табиғи жолы. Көп жазушылар олардың шығармашылығын замандастары түсінбегенін көріп, «бұл ұрпақ мені түсінбесе, кейінгілері түсінер» деп өздерін жұбатқан және сондай болған да. Мәселен, кейбір жазушы және ақындар өз шығармалары үшін Отанынан қуылған (Данте; «Илай комедия»), тіпті, өлімге үкім етілген (Машраб). Бірақ ғасырлар өтіп олар ұлттық қаһармандар ретінде танылған. Қысқасы, соны айту мүмкін, көп белгілі жазушылардың шығармаларын замандастары жақсы түсінбеген (Сервантес; «Дон Кихот», Бульгаков; «Ұста мен Маргарита») және ол шығармалар соңынан танымал болып кеткен.

Публицистикаға мұндай жол ешқандай тура келмейді. Публицистика әдебиет сияқты дүниені жалпы мағынада емес, оны анық бір қоғамда, анық ұрпақтар жасайтын сол дәуірге, сол адамдарға мұрәжат етеді. Публицист үшін ол өзі жазған уақытта жасайтын адамдар оны түсінугі керек, себебі автор, әсіресе сол аудиторияны мәлім бір әрекеттерге және актив өмірлік позицияға үндейді. Публицист бүгінгі күн үшін, жазушы болса, болашақ үшін жұмыс істейді. Нағыз жазушы ұлттық дәстүрлерді қабыл етпеуі күмән болса, публицист ондай қыла алмайды. Публицистикада керісінше, халықтың мықты заңдылықтары ретіндегі дәстүрлер шығармашылықтың негізін, мәнісін, публицистикалық рухын, өмірлік тамырын білдіреді.

Әдебиеттің ұлттық дәстүрлерге бойсынбауы жаңа топардағы дәстүрлерді – жалпы адамилық қасиеттердің пайда болуы және дамуына алып келді. Қабілетті жазушы және ақындар ұлттық шекаралармен дәлелденбеген, олар өз шығармаларын адам деген жаратылысқа, бүкіл адамзатқа арнаған. Нағыз жазушы тек қана ұлттық емес, сонымен бірге дәл сол шығарманың өзінде, жалпы адамилық қасиеттерімен бірлестірген түрдегі мәтінді жаратады. Нәтижеде классик (мумтаз) әдебиет ретінде жазылған және бүкіл адамзат жазған шығармалар бүкіл адамзаттық көркем-эстетик ауданды пайда етеді, бұл ауданның аты дүние әдебиеті деп аталады. Дүние әдебиеті адамзатты бірлестіруші бірінші және нәтижелі әрекет болды. Адамзат тарихын-

да әскери, саяси, экономикалық бірлестірулер де көп болған, бірақ олар күтілген нәтиже бермеді. Ұлы әскербасылар (Ескендір Зұлқарнайн, Шыңғысхан, Әмір Темір...) дүниеден өткен соң олар түзген империялар тарқалып кетті. Бірақ «Шах Эдип» және «Гамлет», «Алпамыс» және «Шахнама» сияқты шығармалар жәрдемінде қалыптасқан дәстүрлер ғасырдан-ғасырға өтіп, мемлекет шекараларынан асып, бүкіл адамзаттың идеялық мүлкіне айналды.

Әдебиетті тек қана ұлттық деп емес, сонымен бірге жалпы қоғамдық қазына деп білген ақын Гүлістан Матякубова былай деп жазады: “Бүгінгі күнімізде әдебиет, руханият, мәдениет жөнінде түрлі саяз пікірлер көбейіп кеткен. Кейбіреулер руханият жөнінде көп әңгімелер болып жатса да, амалда ештеңе көрінбейді, деп өкінеді. Жеуге нан, киерге киім табылмай жатқанда руханият кімнің көңіліне сыяды дейді тағы біразы. Және біреулер болса, әдебиет те өлмекте, оның орнына сән әлемі дамуда, сахнада әр күні жаңа әртис. Эстраданың заманагөй ХХІ ғасырға сай ән-күйі баршаны руханият және әдебиеттен, кітап оқу, ежелгі тарих және әдебиет әлемінен үзіп тастады деп тұжырымдайды. Бұлар жөнінде талантты ақын Бахтияр Генжемұратовпен ұзақ пікір таластық.

– Әдебиет ешқашан өлмейді, – деді сеніммен Бахтияр. – Инсан, оның көңілі тірі екен, әдебиет бар, ол жасап жатыр, бізден кейін де жасай береді. Не үшін біз көңіліміз құлазыса, жауапсыз сұрақтарымыз көбейсе Науайға, Мәшірепке, Пахлаван Маһмудқа, Румий және басқа бабаларымызға жүгінеміз? Ұзақ және жақын тарих парақтарынан Бердақ бабамызды іздейміз, жоқтаймыз? Бүгінгі күнде әдебиет бар. Тек әдебиетшілер, сыншылар көрінбей жатыр...” [5, 87]. Автордың пікірлерін жалпы қолдай отырып айтпақшымыз, әдебиетшілер бүгінгі күнде Қарақалпақстанда, Өзбекстанда бар және олардың қатарында көптеген мықты авторлар да бар.

Публицистика және әдебиеттің объекті және предметі.

Әдебиеттің объекті – жаратылыс. Жазушының әдеби дүниені жаратуы соншалық кең түсінік, мұнан да кеңірегін табу қиын саналады. Дүние сырларын ұғу жолдары, түрлері және әдістері жазушының қалай жантасуына байланысты. Өз кезегінде, жазушының жантасуы қаншалық ерекше, өзіне тән өзгеше сипат-

та болса, шығарма соншалық қызықты болмақ. Сондықтан соны айту орынды, әдебиеттің объектін толық түсіну өте ауыр мәселе, тіпті, оны анық көз алдыға келтіріп, бейнелеу қиын.

Әдеби шығарманың предметі болса, толық түсініп болмайтын оқиға. Бұл өте қиын, шешімі жоқ проблема. Мәселен, «Ғашық Ғаріп және Шахсанем». Оның предметі не? «Король Лир»-дің ше? «Гаргантюа және Пантагрюэль» ше?

Көркем әдебиеттің предметін біз жалпы көріністе өмірлік проблемалар деп айтуымыз мүмкін. Сонымен бірге классикаға айналған көркем шығармалардың предметтерінің бір-бірінен кескін жағынан айырмашылықтары бар. Мәселен, А. Азимов шығармаларының предметі не? «Одиссея», «Форсайттар туралы саға», «Өткен күндердің» предметтерін салыстырайық. Көріп тұрғанымыздай, бұл өте қиын мәселе. Айту керек, бұл салыстырудың аяғына жетіп болмайды. Бұл сұрақтардың шешімі жоқ, себебі бұл мәселенің өзі шексіз.

Публицистиканың болса, объекті және предметі анық. Публицистиканың объекті – белгілі бір әлеуметтік оқиға, жағдай. Предметі – осы оқиға себепшісі болған орталық проблема, адамдарды қиындыққа салып жатқан саяси жағдайлар. Публицистік шығудың тиісті предметі анық, экономикалық-мәдени немесе экологиялық проблема болуы мүмкін. Бірақ бұлар бірінші көріністе, бірден назарға ілінетін фактілер, оқиға және кезеңдер есептеледі. Негізінде олардың түбірінде саяси мәселелер жатады. Яғни мекемені, мамандықты, қоғамды басқару өнері, осы басшылықтағы кемшілік саналады.

Публицистік шығармада, оның предметі ретінде, мәнісі жағынан, екінші жоспар болуы мүмкін, бірақ үшінші, төртінші жоспарлар өте кем кездесуі немесе ешқандай болмайды. Себебі публицистика – бір мәтінді, шектеусіз қызмет, оның міндеттері әдебиетке қарағанда басқаша түрде жүзеге асырылады. Әдебиеттің болса жоспарлары шексіз.

Әдебиет және публицистика – ғұмыр және пікір көріністері, бірақ бұл көріністер бір-бірінен айырмашылық қылатын бояуларға ие. Әдебиет өз сұлулығы, эстетикасымен күшті. Публицистика әлеуметтік маңызы және күрделілігімен өзіне тартады.

Әдебиет, әдеби кезең, көркем шығармалар – біршама кең түсінік. Көркем әдебиет тура-

лы, оларды түсіндіретін публицистика бар (Д. Писарев мақалалары). Бірақ публицистикалық шығармаларды көрсететін көркем әдебиет жоқ (егер олар публицистикалық шығармалардағы мәселелерден келіп шығып, арнайы мақсаттарда жазылып жатқан өзбетінше шығармаға айналмас). Себебі публицистика және публицистикалық шығармалар әдебиет және көркем шығармаларға қарағанда біраз аясы тар және анық мақсатқа жұмсалатын болады. Осы тұрғыдан, публицистика көркем шығармадағы идеяларды насихаттайды, оларға әдеби сыншылардың көзі және қаламын қаратады.

Сондай-ақ талантты суреткер Оразбай Абдірахмановтың “Арал: аппақ қабырға алдында...” деп аталған публицистикалық мақаласының объектісі – Арал теңізі, предметі болса Аралмен қатысты мәселелер: теңіздің өлуіне тоталитар түзімнің айыптылығы, өткендегі кеңестік дәуірде шақынан дәрі алу үшін сайғақтарды қыру, жабайы қаздардың азаюы, өзен дельтасында хайуанат түрлерінің жойылып кетуі және сол сияқты оқиғаларға адамдардың парықсыздығы деп есептейді [6, 117-127].

Белгілі журналист және публицист Ш. Уснатдіновтың “Астанада жасау жауапкершілігі” мақаласының объектісі – Нөкіс қаласы және оның тұрғындары, предметі болса астанада жасау мәдениетімен қатысты мәселелер [7, 72-78]. ҚМУ студенті А. Алламбергеновтің “Қадірлеу үшін жаралған әйел” публицистикалық очеркінің объектісі – Халық тәлімінің үздігі, Беруни ауданындағы 61-мектеп мұғалімі, жазушы Муннавара Қурбанбаева, предметі – осы еңбеккер әйелдің ғұмыры және қол жеткізген табыстары [8, № 1].

Публицистика және әдебиеттің өз аудиториясына қарым-қатынасы.

Бұл қарым-қатынас әртүрлі. Көркем шығарманың концепциясы: жазушы жаратылыс – әдіс – аудитория. Публицистикалық шығарманың концепциясы: публицист – проблема – аудитория. Барлық публицисттердің методы бірдей мәселені сөз ету. Әрбір жазушының өз әдісі бар және дәл осы метод авторын жазушы адам және заманға ұсынады. Бұл әдістер бір-бірінен айырмашылық қылады және дәл дұрыс таңдалған әдіс жазушының оригиналдылығын қамтамасыз етеді. Өз әдісін таппаған жазушы жазушы емес. Публицисттердің баршасы бір

әдіс негізінде істейді, бұл әдіс әлеуметтік проблеманы көрсетеді. Әдебиет өз аудиториясын тәрбиелейді. Публицистика өз аудиториясына жолдама береді.

Әдебиет – көбірек сөз өнері және көркем-эстетик көріністегі **философия**. Публицистика баршаны өзіне қаратушы, сол жол арқылы белгілі сұрақтарға халық пікір-ойын аударушы және нәтижеде түрлі-түрлі тайпадағы адамдардың қажеттілігін қоғамның күн тәртібіне қоюшы, оларды маңызды мәселеге айландырып және де мәселенің шешімін көрсетуші қоғамдық-саяси **әрекет күші** саналады. Публицистика қоғамның бүгінгі проблемалары үшін күреседі, әдебиет болса халықтың жалпы халықтық дәрежесін жоғарылатады, оны эстетикалық жақтан тәрбиелейді, яғни бұл келешек жылдар, он жылдықтар және ғасырларға кететін көркемдік инвестиция саналады.

Әдебиет – нәзік иірімдер мекені. Публицистиканың оған салыстырғанда пафосы күшті, тікелей мұражәт ету әдістерін қолданғаны үшін дөрекілеу келеді. Өйткені оның мақсаты басқаша яғни көпшілікті шығарма мақсаты айналасына тарту.

Публицистика көп қоғамға жоспарланады, бұл болса, шексіз байланыстарды, кескін бағаларды талап етеді. Сол үшін нәзік түстерге толы әдеби шығармалар ғасырлар бойы жасайды, публицистикалық шығармалар болса көбінесе өз дәуірін көрсету мен көзге түседі, кейінірек олардың актуалдығы өтіп кетеді. Әдебиет жай ағып жатқан терең өзенге ұқсаса, публицистика көбірек айқай және төбелеспен, бірақ дәл осылайша көпшілік назарын өзіне тартып жатқан тау өзені есептеледі.

Жазушы – жаратылыс және өзінен келіп шығады. Публицист тақырып және қоғамнан. Жазушының мақсаты – өмір көріністерін бейнелеу болса, публицистің мақсаты – адамдардың санасын ояту, осылар төңірегінде пікірлеуге бағыттау.

Көркем шығармалар аудиториясы тар және қағидаларға бойсындырылған болады. Бұндай шығармаларды барлық адамдардың жете түсініп оқуы қиын және түсіне алмайды. Сондықтан көркем шығармаларды жас шағында оқу басқа, өмірлік тәжірибеге ие болғаннан кейін оқу басқа – сол уақытта бір шығармада әр түрлі мағыналар бар екендігі анықталады.

Әдебиет көп проекциялы өмір айнасы болса, публицистика дәуір нерві. Көркем шығармадан

әрбір адам өз дүние қарасына тән мағыналар табады. Публицистикаға мұншалық плюрализмге ие болу дұрыс келмейді. Оны барша бірдей түсінуі керек, болмаса публицистикалық шығарма кең жұртшылықты, түрлі әлеуметтік қабаттарды біріктіре алмайды және нәтижеде өзінің ең маңызды функцияларынан болған бағыттарды жүзеге асыра алмайды.

Сонымен бірге аудитория тікелей және тікелей бомаған екі топарға бөлінеді. Гүлістан Матякубованың “Отан рухы” кітабындағы [5] публицистика тікелей қарақалпақстандықтарға қаратылған болса, оның тікелей болмаған аудиториясы бүкіл Өзбекстан халқы, тіпті одан да кеңірек шеңбердегі кітап оқырмандары. Оразбай Абдірахмановтың “Таңдамалы шығармалары” томдығының аудиториясы (кітап Тәшкендегі “Фан” баспасында басылған болса да) Қарақалпақстан халқы, себебі кітап қарақалпақ тілінде [9].

Әдебиет және публицистика ортасындағы айырмашылықтарды түсіну үшін және бір жақсы мүмкіндік оларды жанрлық көзқарастан салыстыру болып саналады. Мұның ыңғайлы тарапы сонда, шығармадағы пікір, әдіс, принцип, функция, автор поэзиясы сияқты категорияларды біліп алу біраз қиын соқса да, жанрлар баршаға таныс түсінік.

Бізге мәлім, жанр (тіл және әдіс сияқты) пішіннің көріністерінен есептеледі. Қарапайымдылықтан бастап өте күрделі көрініске дейін ие болу – көркем шығарманың мүмкіндігі мен табысы.

Публицистикада болса мұндай болуы мүмкін емес. Публицистикалық шығарма түрлі құрамды көрністерді көтере алмайды, өйткені бұлай жантасуды аудитория бірден түсінбейді. Публицистикалық шығарманы қайта-қайта оқып, онда жасырынған мағынаны іздеу үшін аудиторияның уақыты және қалауы жоқ, мұндай позиция негізінде публицистің ауылынан алыс.

Әдебиет шығармасы табиғи күрделі құрылысқа ие. Кейбір көркем шығармалардың өзіне тән қиындығы ғасырлар өткен сайын түсінікті болып, оның жаңа-жаңа мағыналары ашыла береді. Публицистика болса мұны көтере алмайды. Публицистикалық шығарма қиын структураға шыдай алмайды. Себебі публицист үшін халық оның шығармасын қазірдің өзінде оқып, түсінуі шарт. Сондықтан публицистикалық шығарма бұл тарапынан біршама қарапайымдау тәрізде жазылады. Бірақ

бұл – публицистиканың мазмұны таяз болады дегені емес. Публицистиканың мақсаты – кең көлемдегі қоғамның назарын өте үлкен әлеуметтік проблемаға аудару болып саналады.

Нәтижеде жанрлық көп түрлілік екі шығармашылық түрінде бір-біріне кескін айырмашылық етеді. Осы пікірді анық мысалдарда көріп шығайық.

Әдебиет шартты түрде эпика, лирика және де драма тектеріне бөлінеді және әлгі тектер жанрлық жақтан көптеген ішкі түрлеріне ие. Бұлардың әрқайсысы бойынша қаншадан қанша зерттеулер алып барылған.

Эпик түрге жататын романның өзі бірнеше түрлерге бөлінеді: эпопея, психологиялық, фантастикалық, сатиралық, философиялық, тарихи және тағы басқа. Новелла, әңгімелер жайлы да осы сөзді айту мүмкін. Лирикалық шығармалардың әр замандағы көрінісі – жаңа заман ұрпақтарының назарын өзіне аудара алады. Драма көп мың жылдық тарихқа ие болса да, оның жанрлық классификациясында осы күнге дейін зерттеушілер бірер бір нақты тұжырым немесе анықтама айта алмаған.

Публицистика бағытында жазылған шығармалар бұл сияқты көп көріністерге бөлінбейді, олар, мәселен, фантастикалық болуы тіпті қиын. Публицистикалық шығармалар бір-бірінен көбінесе тақырыбы бойынша ажыратылады, саяси публицистика, экономикалық, экологиялық, әскери және басқа.

Жалпы анықтама бермекші болсақ, публицистикалық шығармаға жанр сөзін қолдану оншалық дұрыс емес. Себебі публицистикалық шығармалар жанрларға бөлінбейді немесе басқаша тәрізде айтқанда, жаңа публицистикалық жанрлардың өзі жоқ. Көркем-публицистикалық жанрлар топары бар, бұл дұрыс. Бірақ публицистика және жанр ортасындағы қарым-қатынастарды түсіну үшін екі маңызды жағына көңіл бөлу керек. Біріншіден, публицистика бағыттарына бөлінуі мүмкін (жоғарыда келтірілген саяси және басқа), бірақ ол өз алдына, тек публицистикаға тән болған жанрларға бөлінбейді. Екіншіден, журналистикалық шығармалар құрамы үш топ (ақпарат, аналитик және көркем публицистикалықтан) тұратынына қарамастан, әр бір топар өкілінде, мәселен, ақпарат топарына тиісті репортаж немесе интервьюда, сыни жанрларға тиісті корреспонденция

немесе мақалада публицистикалық элементтер болуы мүмкін және бұл табиғи есептеледі.

Ұзақ уақыт бойы публицистиканы арнаулы жанр деп келген ғалымдар бар (О. Тоғаев). Бірақ бұл пікір оншалық дұрыс емес. Өйткені публицистика жанр (пішін) емес, бұл сипат, шығарманың ішкі сипаты, қасиеті, мақалаға дәм беретін тұз іспеттес. Сондай-ақ әдебиет соншалық күрделі шығармашылық түрі болғандықтан, оны кең жұртшылыққа түсіндіру үшін әдебиетшілер, әдеби-көркем сыншылар керек етеді. Публицистикаға тиісті публицистикалық бағдары жоқ және керек те емес. Публицистикалық шығармалар, көркем шығармаларға қарағанда, қарапайымдау, түсінуге оңай тәрізде жазылып, қарапайым услубта және ашық әдісте жарияланады.

Осы мәселеде Қазақстан әдебиеті және публицистикасынан да көп мысалдар келтіру мүмкін. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушысы Римма Жақсылықбаева: “Жазушының тырнақалды туындыларынан бастап қай жанрда жазылған шығармаларын алсаңыз да дерек, факт, құжат секілді материалдарға жан бітіріп, өзі көріп, басынан өткерген немесе замандастары күә болған жайларды суреттейтінін байқайсыз. Роман, повестері мен майдан жазбалары – тарихи дерекнама негізінде жазылған дүниелер. Ә. Нұршайыховтың шығармаларында хат, күнделік, қолжазба, мінездемелер секілді деректі материалдар негізінде жазу стилі орнықты қалыптасқан. Оның сыры – жазушының әдебиетке очеркист, публицист ретінде келуінде”, – деп жазады [10, 9].

Осы жерде Қарақалпақстан жазушылары мен сыншылары арасында көп талқыға себеп болған бір мәселеге біз де өз пікірімізді білдіріп өтелік. Әңгіме автор өз шығармасын қандай жанрда атауы және әдеби сыншылар бұл атауды қабылдауы немесе қабылдамауы жөнінде болмақ. Оразбай Әбдірахманов “Босаға” (“Амудария” журналы, 1984-1985) шығармасын роман деп атады. Дегенмен бұл кітапты бұл роман емес деп айтқандар да болды.

Пікірімізше, автор өз шығармасын қайсы жанрға тиісті деп білуі – оның сөзсіз құқығы. Себебі шығарма қайсы жанрда жазылғаны ең алғаш оның авторына аян. Әрине, әдеби сыншылық үлкен ғылым, дей тұрғанмен бұл

сыншылардың барша бағалары дұрыс дегені емес. Әдеби сыншымен жазушының ортасында айырма сол, бір тараптан сыншы шығарманы әдебиетте қабыл етілген нормалар негізінде қарап шығып, басқа осы сияқты шығармаларға салыстырады, белгілі идеяларды және образдарды типтік белгілер негізінде бағалайды және шығарманы мәлім мағынада рамкаға түсіруге ұмтылады.

Екінші тараптан, әрқашан жазушы оригинал, басқа ешбір шығармаға мүлдем ұқсамайтын жаңа өнім жаратуға ұмтылады. Бұл дегеніміз ол барша стандарттарды бекерлеуге ұмтылады. Оның ойында тек өз мақсатына жетісу тұрады, саясат, қоршаған орталық, жеке мәптер, тіпті, аудитория, шығарма жазылып жатқанда оның көзіне көрінбейді.

Сыншы сыналып жатқан шығармаға қалағанынша баға беруге құқықты, жазушыда оның пікірін қабылдау немесе қабылдамау құқығы бар. Әрбір тарап өз дүниеқарасынан, тұрмысты білуінен, білім деңгейінен келіп шығады. Және қайталап айтамыз, жазушының өз шығармасын қалаған жанрмен белгілеуіне күмән қылмауымыз керек, себебі бұл оның туындысы. Н. Гоголь “Өлі жандар” романын поэма деп атаған, ешкім бұны қате деген емес, кітап болса роман ретінде бағаланады.

Публицистикалық шығармалардағы публицистика және көркем шығармадағы публицистілік.

Әдебиет және публицистика арасындағы қатынастарды толық түсініп алу және анализ қылудың мүмкіндігі жоқ. Өйткені екеуі бір-біріне өтіп тұратын шексіз әлеуметтік және де шығармашылық процесс болып саналады.

Бірақ публицистика, кейбір жазушылар ойлағанындай, «жеңіл» әдебиет емес. Дұрыс публицистикалық шығарма көркем шығармаға қарағанда көлемі жағынан шағынырақ болады, бірақ көлемі көркем шығармаға жетекшілік ете алмайды. Көркем шығарма әлеуметтік міндеттерді орындауымен құнды болмақ.

Жоғарыда келтірілген салыстырулар мен түсініктеме берулерден сол нәрсе мәлім болуда, мақаламыз объекті ретінде таңдалған екі шығармашылық түрі бір-біріне біршама жақын. Екеуі де жаратылыс құбылыс әрекеттерін сөз етеді, әлеуметтік проблемаларды көтеріп шығады, көп санды аудиторияға мөлшерленген болады. Екеуі де сөз өнері болып, адамдарды белгілі

бір идея және әрекеттерге қарай бағыттайды. Жалпы, әдебиеттің де, публицистиканың да адамдарға ой-пікір беру, адамзатты тәрбилеу бағдарындағы қызметтері шексіз.

Соны да айтуымыз керек, көркем әдебиет және публицистика арасында ортақтық қанша көп болса, айырмашылықтар да соншалық маңызды. Мақала жалғасында біріншісі және екіншісін мүмкін болғанынша көрсетуге әрекет жасадық. Енді соңғы пікірімізді келтіруіміз керек.

Бұл пікір қандай болар екен? Көркем әдебиет және публицистиканы қандай етіп жалпы біріктіру мүмкін, екеуі де бұдан зиян көрмесін, сондай-ақ екеуі үшін де бұл әділетті, ғылыми қорытынды болсын.

Пікірімізше, мақала проблемасын әділетті шешудің жалғыз жолы – публицистикалық шығармалардағы публицистика және көркем шығармалардағы публицистикалықты бір-бірінен ажырата білу. Себебі публицистикалық шығарма өз әлеуметтік мәселесі және маңыздылығымен күшті болса, көркем шығармалар публицистикалығымен маңызды және осы қасиетімен бірінші орында тұрып кең жұртшылықтың назарын аударады. Көркем шығарманың эстетикасы және тәрбиелік маңызы бірден назарға ілінбейді, публицистика болса белгілі мағынада оларды аудиторияға жеткізу жолында магнит және кілт (проблемаға кіру) міндетін атқарады.

Шыңғыс Айтматов, Төлепберген Қайыпбергенов, басқа атақты жазушылардың романдары публицистикалық шығармалар емес. Бірақ олар аса күшті публицистік руханиятпен суарылған. Осы публицистілік классик романдардың ең күшті компоненттерінен саналады. Публицистілік әдебиетке аудитория назарын тартады, көркем шығармаларды халықтың кең қабаттарына жетіп баруын қамтамасыз етеді. Публицистикалық жантасу, өз қасиеттеріне сай тәрізде, әдебиет үшін шығарма идеяларын, қаһармандарды, түр-түстілігі кең аудиторияға толығырақ жеткізеді, керекті көңіл-күй беруші әдіс шығармаға ауадай қажет, сондай-ақ нағыз классик көркем шығарма пафоссыз жасай алмайды. Нағыз әдебиет бар болғаны үшін, онда публицистілік болғандықтан, оған көркемділік жарасады. Ақиқат өмірді суреттеген көркем шығармада публицистиканың болуы табиғи болса, өз кезегінде публицистикалық шығарма көркемдігімен әдемі көрінеді.

Әдебиеттер

- 1 Журналистика Қазақстанның. Энциклопедия. – Алматы: Экономика, 2006.
- 2 Жәрімбетов Қ. Әдебиеттанудан сабақтар. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 2012.
- 3 Қ.: Мұминов Ф. Журналистика әлеуметтік институт сыпатында. – Т.: “Университет”, 1998.
- 4 Қ.: Прохоров Е.П. Публицист и действительность. – М.: МДУ, 1973.
- 5 Матякубова Г. Отан рухы. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 2011.
- 6 “Арал: аппақ қабырға алдында...” // Абдурахманов О. Қарақалпақ дүниесі. Публицистика, эссе және хикаялар. – Т.: Алишер Науаи атындағы Өзбекістан Милліі кітапханасы баспасы, 2011 (өзбек тілінде).
- 7 “Пайтахтта жасау жауапкершілігі” // Уснатдинов Ш. Көргендерім және көңілдегілерім. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 2009 (қарақалпақ тілінде).
- 8 “Гүлайым”, 2013. № 1.
- 9 Оразбай Абдурахманов. Тандалмалы шығармалары. – Т.: “Фан” баспасы, 2009 (қарақалпақ тілінде).
- 10 Жақсылықбаева Р.С. Публицистің шығармашылық шеберханасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

References

- 1 Zhurnalistika Kazahkstana. Entsiklopediya. – Almaty: Ekonomika, 2006.
- 2 Zharimbetov K. Adebiettanudan sabaktar. – Nokis: Karakalpakstan, 2012.
- 3 K.: Muminov F. Zhurnalistika aleumettik institut sypatynda. – T.: Universitet, 1998.
- 4 K.: Prokhorov E.P. Publitsist i deystvitelnost. – M.: MDU, 1973.
- 5 Matyakubova G. Otan rukhy. – Nokis: Karakalpakstan, 2011 (ozbek tilinde).
- 6 “Aral: appak kabyrga aldynda...” // Abdurakhmanov O. Karakalpak duniesi. Publitsistika, esse zhane khikayalar. – T.: Alisher Nauay atyndagy Uzbekistan Milliy kitapkhanasy baspasy, 2011 (ozbek tilinde).
- 7 “Paytakhtta zhasau zhauapkershiligi” // Usnatdinov Sh. Korgenderim zhane konildegilerim. – Nokis: Karakalpakstan, 2009 (karakalpak tilinde).
- 8 “Gulayym”, 2013. № 1.
- 9 Orazbay Abdurakhmanov. Tandamaly shygarmalary. – T.: “Fan” baspasy, 2009 (karakalpak tilinde).
- 10 Zhaksylykbaeva P.S. Publitsistin shygarmashylyk sheberkhanasy. – Almaty: Kazak universiteti, 2011.